

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
ДББҰ Басқармасының
2022 жылдың 17 тамызындағы
шешімімен бекітілген
(№ 40 хаттама)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесі (бұдан әрі – Ереже) негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының 2017 жылдың 16 тамызындағы (хаттама №41) Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ білім беру бағдарламасы - NIS-Programme (бұдан әрі – Білім беру бағдарламасы), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының 2020 жылдың 27 тамызындағы (хаттама № 37) Басқарма шешімімен бекітілген Критериалды бағалаудың моделі және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының 2014 жылдың 28 тамызындағы (хаттама № 40) Басқарма шешімімен бекітілген Сыртқы жиынтық бағалау моделі (бұдан әрі – ЖБ моделі) бойынша оқитын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы оқушыларының (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) оқу жетістіктерін критериалды бағалауды өткізу мен үйымдастыру тәртібін анықтайды.

2. Берілген Ереже ДББҰ «Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы оқушыларына қолданылмайды.

3. Аталған Ережеде төмендегідей анықтамалар қолданылады:

1) **бағалау критерийі** – оқушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі;

2) **балл қою кестесі** – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірынғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте;

3) **бағалау міндеттері** – сыртқы жиынтық бағалаудың тест спецификациясында берілген күтілетін нәтижені бағалау;

4) **сыртқы жиынтық бағалау** – бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептерді бітіргенде оқу дағдылары мен білімдерінің қалыптасқанын анықтайдын және Зияткерлік мектепке тыс сыртқы үйыммен дайындалып өткізілетін бағалау;

5) **дескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекеттің көрсететін сипаттама;

6) **жиынтық бағалау** – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша және белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі;

7) **жынтық жұмыс** – оқудың белгілі бір кезеңінде (тоқсан, оқу жылы, білім беру деңгейі) және оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортак тақырыптарының пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтауға арналған оқушылардың жұмысы;

8) **жылдық баға** – белгілі пайыздық қатынастағы қалыптастыруши, ішкі жынтық бағалау нәтижелерінен тұратын, әр оқушыға оқу жылының соңында қойылатын және ата-анаға немесе басқа занды өкілдеріне берілетін баға;

9) **Зияткерлік мектептен тыс сыртқы үйым** – Халықаралық білім беру сұраптары бойынша Кембридж бағалау кеңесі және/немесе ДББҰ филиалы «Педагогикалық өлшеулер орталығы» (бұдан әрі - ПӨО);

10) **критериалды бағалау** – белгіленген критерийлер негізінде оқушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі;

11) **критериалды бағалаудың электрондық журналы (бұдан әрі – электрондық журнал)** – оқушылардың үлгерімін есепке алуды және бақылауды автоматтандыруға, қалыптастыруши және жынтық бағалау нәтижелерін тіркеуге, балдарды есептеуді және оларды бағаға ауыстыруды жүзеге асыратын, мұғалімдердің, кураторлардың және мектеп әкімшілігінің сыныптар мен пәндер бойынша оқушылардың оқу нәтижелеріне жедел қол жеткізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдар кешені;

12) **қалыптастыруши бағалау** – оқуды дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, оқушымен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісі барысында жүргізілетін бағалаудың түрі;

13) **қорытынды баға** – белгілі пайыздық қатынастағы қалыптастыруши, ішкі жынтық және сыртқы жынтық бағалау нәтижелерінен тұратын, әр оқушыға оқу жылының соңында қойылатын және ата-анаға немесе басқа занды өкілдеріне берілетін баға;

14) **модерация** – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жынтық бағалау бойынша оқушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс;

15) **оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы** – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент;

16) **оқу мақсаттары** – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым;

17) **оқушы портфолиосы** – пән бойынша оқу жылына оқушының оқу жетістігінің жеке және жинақталған бағаларын тіркейтін тәсіл;

18) **оқушының оқу жетістігі деңгейі** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі;

19) **рубрика** – бағалау критерийлеріне сәйкес оқушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі;

20) **тоқсандық баға** – белгілі пайыздық қатынастағы қалыптастыруши және ішкі жынтық бағалау нәтижелерінен тұратын, әр оқушыға тоқсан соңында қойылатын және ата-анаға немесе басқа занды өкілдеріне берілетін баға;

21) **тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы** – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар;

22) **ерекше қажеттілігі бар оқушы** – түмисінан немесе жүре пайда болған ауруы бар оқушылар (уақытша еңбекке жарамсыздық, мүгедектік);

23) **ерекше жағдайларды қамтамасыз ету** – жиынтық бағалау өткізу кезеңінде ерекше қажеттілігі бар оқушы үшін ерекше жағдайды ұйымдастыру және жасау;

24) **емтихан компоненті** – белгілі пән бойынша әр түрде бөлек өткізілетін емтиханның құрлымдық бөлігі (жазбаша, ауызша, практикалық, зертханалық т.б.).

4. Оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасы мазмұнын менгеруді тексеру мақсатында өткізіледі.

5. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастыруши және жиынтық бағалауды қамтиды. Жиынтық бағалау бөлім/ортак тақырып, тоқсан және сыртқы жиынтық бағалау арқылы жүзеге асырылады.

2. Қалыптастыруши бағалауды өткізу тәртібі

6. Қалыптастыруши бағалау оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жетуге көмектеседі, қындықтың алдын алуға мүмкіндік береді, оқу үдерісінде оқушылардың білімі мен дағыларының қалыптасу, білімді менгеру деңгейін анықтайды.

7. Қалыптастыруши бағалау кезінде оқушыларға үздіксіз кері байланыс беріліп, баға, балл қою жүргізілмейді.

8. Қалыптастыруши бағалау оқудағы іс-әрекеттің әр кезеңінде (тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды тексеру және т.б.) түрлі әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады (сауал қою, тәжірибелік жұмыстар, зертханалық жұмыстар, жобалар, тест тапсырмалары және т.б.).

9. Жұмысты ұйымдастырудың жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлері қолданылады.

10. Қалыптастыруши бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп, оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын тапсырғанға дейінгі кемшіліктерінің, олқылықтарының алдын алады.

11. Қалыптастыруши бағалау кезінде оқушылар пән бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламаларына сәйкес оқу мақсаттарына қол жеткізеді.

12. Оқушы белгілі себептермен сабакта қатыса алмаған жағдайда (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты), оқылмаған материалды мектепке келгеннен кейін екі апта ішінде оқу мақсаттарына жету арқылы менгеруі қажет.

13. Қалыптастыруши бағалаудың нәтижелері тоқсандық, жылдық баға қою кезінде есептелмейді.

3. Жиынтық бағалауды өткізу тәртібі

14. Жиынтық бағалау оқушының оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңінде (тоқсан, оқу жылы) оқуды аяқтағандағы оқу жетістігі деңгейін анықтау мақсатында баға, балл қою арқылы өткізіледі. Жиынтық бағалау нәтижесінде мұғалімге, оқушыға, ата-анаға және басқа мүдделі заңды өкілдеріне оқушының ілгерілеуі туралы ақпарат беріледі.

15. Жиынтық бағалау «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен басқа барлық пәндерден өткізіледі.

16. Тоқсандық жиынтық бағалау «Дене тәрбиесі» пәнінен өткізілмейді.

17. Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау 4-тоқсанда жүргізілмейді.

18. «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жартышылдық және оқу жылы бойынша «сыналды/сыналдамды» қойылады.

19. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша пәнге қатысты жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруды оқу бағдарламасы мен оқу жоспары негізінде Зияткерлік мектептің мұғалімдері жүзеге асырады.

20. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысы мен балл қою кестесін құрастыру ДББҰ Әдістемелік кеңесімен ұсынылып, «Педагогикалық өлшеулер орталығы» ДББҰ филиалымен құрастырылған тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациялары және пәндер бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспары негізінде Зияткерлік мектептердің әдістемелік бірлестіктерімен жүзеге асырылады.

21. «Педагогикалық өлшеулер орталығы» ДББҰ филиалы (бұдан әрі - ПӨО) Зияткерлік мектептердің мұғалімдерімен бірлесіп, тоқсандық жиынтық жұмыс пен балл қою кестесіне «Педагогикалық білімдер базасы» сайтының (sk.nis.edu.kz) «Бағалау» бөлімінде онлайн сараптама жүргізеді.

22. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысы мен өткізудің кестесі Зияткерлік мектептері директорының бүйрекшімен бекітіледі.

23. Аптасына жүктемесі 1-2 сағаттан тұратын пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау 40 минуттан аспауы қажет. Аптасына жүктемесі 3 сағат және одан көп пәндерден тоқсандық жиынтық бағалау 80 минуттан тұрады.

Осы уақыт нормасы «айтылым» дағдысы есебінсіз тілдік пәндерге қатысты қолданылады. «Айтылым» дағдысын бағалау жиынтық бағалау жоспарланған уақыт барысында жүргізіледі.

24. Пән бойынша тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кестесі Бағалау саясатында белгіленген мерзімге сәйкес Зияткерлік мектеп директорының бүйрекшімен бекітіледі және мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдер тоқсан басында хабардар етіледі. Бір оқу күнінде екі тоқсандық жиынтық жұмыстан көп өткізілмейді.

25. Еңсерілмейтін жайдары әрекеттер туындаған жағдайда, мысалы, төтенше және шарасыз (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер т.б.), тарараптардың еркінсіз жиынтық бағалауды тапсыруды бекітілген мерзімде өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, тоқсандық жиынтық бағалаудың мерзімін мектеп директорының бүйрекші негізінде өзгертуге болады.

26. Барлық оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын орындауы міндетті.

27. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау тоқсанда үш реттен артық жүргізілмейді. Тоқсан бойында менгеруге арналған бөлімдер/ортақ тақырыптар саны төрт және одан көп болса, олар тақырыптардың ерекшелігі мен оқу мақсаттарының санына байланысты біріктіріледі.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау кестесін Зияткерлік мектеп өздігінен құрады және әдістемелік бірлестік отырысының хаттамасымен бекітеді.

28. Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар, жылдық бойынша жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіруге) рұқсат етілмейді.

29. Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізу кезінде белгілі себептермен (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада, ғылыми, спорттық жарыстарға және т.б. қатысуына байланысты) келмеген оқушы мектепке келген соң екі апта ішінде тоқсандық және/немесе бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау жұмысын тапсыруы қажет, ол үшін оқушылардың бөлім/ортақ тақырып бойынша менгерген тақырыптары негізінде құрастырылған жиынтық бағалаудың қосымша нұсқалары қолданылады.

30. Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізу кезінде белгісіз себептермен келмеген оқушыға (бекітілген формадағы медициналық анықтама, Зияткерлік мектеп директорының бұйрығының болмауы) жиынтық бағалау бойынша «0» балл қойылады.

31. Жиынтық бағалау кезінде академиялық адалдық қағидаларын бұзушылық дерегі анықталса, оларға Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының академиялық адалдықты сақтау ережесі мен Оқушыларға арналған ішкі тәртіп ережелерінде қарастырылған шаралар қолданылады.

32. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балдары дескрипторларға сәйкес ал тоқсандық жиынтық бағалаудың балдары балл қою кестесіне сәйкес қойылады.

33. Оқушылардың оқу нәтижелерінің дұрыстығы, айқындығы үшін мұғалімдер тоқсандық жиынтық бағалаудың модерациясын өткізеді.

34. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары балл қою кестесімен бірге оқушылардың портфолиосында сақталады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, бағалау критерийлері мен дескрипторлары мұғалімде сақталады.

35. Оқушы портфолиосының жүргізуі мен сақталуына кураторлар жауап береді.

36. Портфолио оқушылардың атындағы жеке құжаты болып табылады, ол барлық мұғалімдерге, әкімшілікке, ата-аналарға немесе басқа да занды тұлғаларға қолжетімді болуы қажет.

37. Оқушылардың портфолиосы Зияткерлік мектептерде екі оқу жылы бойында сақталады.

38. Екі жыл аяқталғаннан кейін оқушының портфолиосы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес акт бойынша жойылады.

39. Оқушыны басқа Назарбаев Зияткерлік мектебіне ауыстыру кезінде оқушының оқу жетістіктерінің портфолиосы жеке ісі құжаттарымен бірге ата-анасына немесе басқа занды өкілдеріне беріледі.

4. Тоқсандық жиынтық бағалауға модерация өткізу тәртібі

40. Тоқсандық жиынтық бағалауға модерация өткізу бағалауды стандарттау мақсатында оқушылардың жиынтық жұмысының нәтижесін талқылауға арналған.

41. Модерация бір пәннен сабак беретін мұғалімдермен бірге параллель сыныпта өткізіледі.

42. Модерация әр тоқсанның сонында өткізіліп отырады. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысы мен модерация өткізудің арасы 3 жұмыс қунінен аспауы керек. Модерация қорытындысы бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмысының нәтижесі өзгеруі мүмкін.

43. Мектеп әкімшілігі әдістемелік бірлестіктің жетекшілерімен бірлесе отырып, жұмысты талқылау үдерісін реттеп отыру үшін алдын ала модерация өткізудің орны мен уақытын белгілейді, оны модерация отырысының тәрағасы бекітеді. Модерация отырысының тәрағасы әдістемелік бірлестік жетекшісі, сондай-ақ, кез келген пән мұғалімі бола алады.

44. Модерация өткізгенге дейін оқушылардың тоқсандық жиынтық жұмыстарын (бұдан әрі – жұмыстар) алдымен мұғаліммен тексеріледі.

Мұғалімнің тексерген жұмыстарының ішінен білім алушылардың үш жұмысын іріктең алады, модерация отырысында талқылау үшін алдын ала шифрлеп, көшірмелерін дайындайды.

Балл қою кестесіне сәйкес бағалауда қындық тудыратын, максималды және минималды балл қойылған жұмыстар іріктеледі. Егер мұғалім бірнеше параллель сыныпта сабак беретін болса, жұмыстың жалпы саны бойынша іріктелейді.

45. Модерация отырысында мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес пән бойынша балдарды талқылайды. Балл қою кестесіне қажетті жағдайда өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізіледі.

46. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық бағалау жұмысының балдары модерация отырысында келісілген балл қою кестесі негізінде қойылады. Қойылған балды өзгеру қажеттілігі бар оқушы жұмысы мұғалімдермен қайтадан тексеріледі. Модерацияның қорытындысы бойынша жиынтық жұмыстың балдары жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға өзгеруі мүмкін.

47. Модерация аяқталған соң тоқсандық жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес үлгіде модерация отырысының хаттамасы толтырылады. Хаттама әдістемелік бірлестік жетекшісінде сақталады.

5. Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға ерекше жағдайды қамтамасыз ету тәртібі

48. Ерекше қажеттілігі бар екенін растайтын құжаттары толық (дәрігерлік кеңес беру қорытындысы (одан әрі – ДКК), мекенжайы бойынша дәрігерлік-элеуметтік сараптама қорытындысы (одан әрі – ДӘС) немесе мамандандырылған медициналық мекемеден алынған анықтамасы) оқушыларға жиынтық бағалау кезінде осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес ерекше жағдай үйымдастырылады.

49. Ерекше қажеттілігі бар оқушы үшін белгіленетін ерекше жағдай Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

50. Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға жиынтық бағалаудың балы мен бағасы осы Ережеде бекітілген тәртіптерге сәйкес қойылады.

51. Ерекше жағдайларды қамтамасыз етуде оның басқа оқушылардан әділетсіз басымдық болмауын қадағалау керек.

6. Сыртқы жиынтық бағалауды өткізу тәртібі

52. Зияткерлік мектеп оқушыларының білім жетістіктерін сырттай бағалау бастауыш, орта және жоғары мектептерде сырттай жиынтық бағалау, мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттау, ҰБТ сертификаты үшін қажетті пәндер бойынша және жоғары мектепте «Ағылшын тілі» (IELTS немесе баламасы) пәнінен сырттай бағалау түрлерінде жүзеге асырылады.

53. Сыртқы жиынтық бағалау Білім беру бағдарламаларында белгіленген пәндер бойынша 5, 10, 11 және 12-сынып соңында оқушылардың оқу дағылары мен білімдерінің қалыптасқанын анықтауға арналған.

54. Сыртқы жиынтық бағалауға Білім беру бағдарламасын менгерген 5, 10, 11 және 12-сынып оқушылары жіберіледі.

55. Сыртқы жиынтық бағалауды 5, 10-12 сынып оқушыларына уақыттан бұрын тапсыруға рұқсат етілмейді.

56. Сыртқы жиынтық бағалауды үйымдастыру мен өткізу ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауды үйымдастыру және өткізу нұсқаулығында көрсетілген тәртіптерге сәйкес жүргізіледі.

57. Емтихан материалдары мектепке тыс үйыммен дайындалады. Емтихан жұмыстарының сипаттамасы, түрі, бағалау міндеттері ДББҰ-ның Әдістемелік кеңесімен ұсынылған және ПӨО директорымен бекітілген тест спецификациялармен анықталады.

58. 5, 10-12 сынып оқушылары Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж бағалау кеңесімен және/немесе «Педагогикалық өлшеулер орталығы» дербес білім беру үйымы филиалымен дайындалатын сыртқы жиынтық бағалауды тапсырады.

59. 12-сынып оқушылары Педагогикалық өлшеулер орталығы әзірлеген емтихан материалдары бойынша ҰБТ сертификатына қажетті пәндер бойынша сырттай бағалау тапсырады.

60. Ағылшын тілінен 12-сынып оқушылары IELTS халықаралық емтиханын немесе баламасын тапсырады. Халықаралық емтиханның нәтижесі қорытынды баға қоюда есепке алынбайды. Барлық сыртқы бағалау рәсімдері халықаралық емтиханды ағылшын тілінде өткізетін ұйымның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Халықаралық емтиханға дайындықты Зияткерлік мектептер жүргізеді.

61. Экстернат түрінде оқыған немесе академиялық демалыста болып, Зияткерлік мектепке оқу жылы аяқталғанан кейін қайтып келген, сонымен қатар оқу жылын аяқтап, сыртқы жиынтық бағалауға дейін немесе өткізілу кезеңінде аурып қалған оқушылар ПӨО дайындаған емтихан материалдары бойынша жаңа оқу жылына дейін сыртқы жиынтық бағалау тапсырады.

62. Зияткерлік мектеп оқушыларының сыртқы жиынтық бағалаулары келесі түрде өткізіледі:

- 1) бастауыш мектепті бітіргеннен кейінгі жиынтық жұмыстар;
- 2) негізгі мектепті бітіргеннен кейінгі жиынтық жұмыстар;
- 3) жоғарғы мектепте менгеріп бітірген пәндерден жиынтық жұмыстар;
- 4) жоғарғы мектепті бітіргеннен кейінгі жиынтық жұмыстар.

63. Білім беру бағдарламасы мен ЖБ моделіне сәйкес әр пән бойынша 5, 10-12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалаудың өткізілу түрі мен тапсыру тілі анықталып, ДББҰ Басқарма Тәрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың 15 желтоқсанына дейін бекітіледі.

64. 11-сынып оқушылары оқу пәндерін ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Типтік оқу жоспарына сәйкес таңдайды.

12-сынып оқушылары сыртқы жиынтық бағалауды тапсыру үшін таңдау пәндерін, ҰБТ сертификатына қажетті бейінді пәндерден басқасы, жоғары сыныпта оқу үшін таңдаған пәндер ішінен таңдайды.

65. 5, 10-12-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін әр пән бойынша сыртқы жиынтық бағалауын өткізу мерзімі ДББҰ Басқарма Тәрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін анықталады және бекітіледі.

66. «География» пәнінен сыртқы жиынтық бағалаудың өткізілу мерзімі ДББҰ Басқарма Тәрайымы бұйрығымен ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін бекітіледі.

67. «Ағылшын тілі» пәні бойынша сырттай бағалау мерзімі (IELTS немесе оған балама емтихан) ДББҰ Басқарма Тәрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей бекітіледі.

68. Экстернат түрінде оқыған немесе академиялық демалыста болып, Зияткерлік мектепке оқу жылы аяқталғанан кейін қайтып келген 10-12 сынып оқушыларына сыртқы жиынтық бағалаудың тапсыру мерзімі ағымдағы жылдың 15 маусымына дейін ДББҰ Басқарма Тәрайымы бұйрығымен бекітіледі.

69. Оқу жылын аяқтап, сыртқы жиынтық бағалауға дейін немесе өткізілу кезеңінде аурып қалған оқушылар үшін, растайтын құжаттары болған жағдайда (уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, дәрігерлік-консультациялық комиссия шешімі (бұдан әрі – ДКК) немесе мамандандаралған медициналық ұйымнан анықтама), сонымен қатар дәлелді себептермен сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған оқушылар (конференцияларға, олимпиадаларға және

интеллектуалдық жарыстарға қатысу, жақын туысының қайтыс болуы, дәрігердің қорытындысы бойынша карантинде болу) үшін, растайтын құжаттары болған кезде (зияткерлік мектеп директорының бұйрығы, қайтыс болу туралы қуәлік, жол жүру билеттері, қорытынды дәрігер), пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың өткізілу мерзімі ДББҰ Басқарма Төрайымы бұйрығымен ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін бекітіледі.

70. Сыртқы жиынтық бағалау өткізілетін Зияткерлік мектеп емтихан орталығы болып есептеледі. Емтихан орталығының басшысы болып, сол Зияткерлік мектептің директоры саналады. Егер Зияткерлік мектептің директоры мүдделі немесе жұмыс орынында жоқ болса, Емтихан орталығының жетекшісі болып Зияткерлік мектеп директорының орынбасары тағайындалады.

71. Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауларын өткізу үшін Зияткерлік мектептерде Емтихан комиссиясы (бұдан әрі – Емтихан комиссиясы) құрылады. Емтихан комиссиясының құрамы Зияткерлік мектеп қызметкерлерінен құрылады және Зияткерлік мектептің директоры бұйрығымен бекітіледі. Емтихан комиссиясының құрамына: емтихан орталығының басшысы емтихан администраторы, аудитория бойынша кезекші, дәліз бойынша кезекші және емтиханның практикалық бөлімін өткізуши лаборант кіреді.

72. Емтиханды белгіленген уақытында өткізуді ұйымдастыру, Емтихан комиссиясының құрылмын бекіту, оқушылардың емтихан материалдары мен оқушылардың емтихан жұмыстарын емтихандар өткізілгенге дейін және емтихандар өткеннен кейінгі қауіпсіздігін сақтау - Емтихан орталығы басшысының жеке жаупкершілігінде.

73. 10-12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауының емтихан (жазбаша және практикалық) жұмыстарын бағалау мен тексеру үшін сыртқы бағалауға енгізілген пәндер бойынша Аттестаттау комиссиясы құрылады.

Аттестаттау комиссиясының құрамы мен пәндер бойынша оқушылардың емтихандық жұмыстарын тексеру кестесі ДББҰ Басқарма Төрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың сыртқы жиынтық бағалау басталғанға дейінгі 2 апта бұрын бекітіледі.

Аттестаттау тәрағасы/төрайымы ДББҰ филиалы құрамының қызметкерлері санынан тағайындалады. Аттестациялық комиссияның құрамы Зияткерлік мектептің пән мұғалімдері және пән бойынша ПӨО қызметкерлері кіреді. Әр пәннің Аттестаттау комиссиясының мүшелерінің саны үш адамнан кем болмайды.

74. Сыртқы жиынтық бағалау емтихандарының нәтижелері бойынша жазбаша жұмысқа қойылған бағаға келіспеген жағдайда оқушылар пәндер бойынша емтихан нәтижелері хабарланған күні сағат 16.00-ге дейін Апелляциялау комиссиясына өтініш білдіруге құқылы. Тексерістен өткен емтихан жұмыстары оқушылардың, олардың ата-аналарының және заңды өкілдерінің қолдарына берілмейді.

Апелляциялық комиссияның құрамы ДББҰ Басқарма Төрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың сыртқы жиынтық бағалауы басталғанға дейін кемінде 2 апта бұрын құрылады және бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның төрағасы/төрайымы ДББҰ филиалдары қызметкерлерінің арасынан тағайындалады. Пәндік апелляциялық комиссия мүшелері аттестаттау тобының мүшелері арасынан тағайындалады. Әр пән бойынша апелляциялық комиссия мүшелерінің саны кемінде үш адам.

75. Экстернат түрінде оқыған немесе академиялық демалыста болып, Зияткерлік мектепке оқу жылы аяқталғанан кейін қайтып келген, сонымен қатар оқу жылын аяқтап, сыртқы жиынтық бағалауға дейін немесе өткізілу кезеңінде аурып қалған және 69-тармаққа сәйкес белгілі себептермен қатыса алмаған оқушыларға сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін Емтихандық, Аттестаттау және Апеляциялау комиссиялары осы Ереженің 71, 73, және 74 тармақтарында белгіленге тәртіпке сәйкес құрылады.

76. 5, 10-12 сыныпта 1-2 пән бойынша жылдық қанағатсыз бағасы бар оқушылар сыртқы жиынтық бағалауға жіберіледі.

77. Дене тәрбиесі пәнінен оқушылардың денсаулығына байланысты босатылулары олардың сыртқы жиынтық бағалауға жіберілуіне әсер етпейді.

78. Зияткерлік мектептер сыртқы жиынтық бағалауда ерекше жағдайды қажет ететін 5, 10-12-сынып оқушылары жайлы ауруы түа біткен немесе жүре пайда болған (уақытша еңбекке жарамсыз, мүгедектік) туралы қосымшасымен бірге дәлел болатын құжаттарды (уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама, дәрігерлік-консультациялық комиссия шешімі (бұдан әрі - ДКҚ) немесе мамандандаралған медициналық ұйымнан анықтама) ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін ДББҰ-ға мәліметтерді берулері керек. «География» пәні бойынша оқушылар туралы мәлімет ағымдағы жылдың 20 желтоқсанына дейін жіберіледі.

79. Тұылған немесе жүре пайда болған сырқаты бар, ерекше жағдайды қажет ететін оқушыларға сыртқы жиынтық бағалау ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізу нұсқаулығына сәйкес ұйымдастырылады.

80. Сыртқы жиынтық бағалаудың өткізу кезінде аурып қалған 5, 10-12-сынып оқушысына пән бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың қорытындысы жиынтық жұмысын 50% және одан да жоғары орындаған жағдайда қойылады. Жиынтық жұмысы 50% аз жазылса, сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижесі есептелмейді.

81. Емтихандардың әр компонентінің өткізілуі сыртқы жиынтық бағалауға дейін 10 күн бұрын мұғалімдер мен оқушыларға таныстырылатын, ДББҰ Басқарма Төраймының бүйрүғымен бекітілетін кестеге сәйкес өткізіледі.

82. Еңсерілмейтін мән-жайдағы әрекеттер туындаған жағдайда, мысалы, төтенше және шарасыз (табиғи құбылыстар, әскери әрекеттер т.б.), тараптардың еркінсіз емтиханды тапсыруды бекітілген мерзімде өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, сыртқы жиынтық бағалаудың мерзімін ДББҰ Басқарма Төраймының бүйрүғы негізінде өзгертуге болады.

83. Арнайы мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қолданылған жағдайларда тиісті оқу жылына арналған сыртқы жиынтық бағалау

бағаларын қою механизмі мен одан әрі нәтижелерді стандарттауды жүргізу ресімі ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітіледі және қолданылады.

84. 5, 10-сыныптарында сыртқы жиынтық бағалау емтихандары Астана қаласының уақытымен таңғы 10.00 және 13.00-де, 10-12-сыныптарда 10.00 және 14.00-де басталады.

Емтиханның практикалық компонентінің басталу уақыты оқушы ағыны санына байланысты болады. Ағындар санын Зияткерлік мектептер анықтап, ПӨО-мен келіседі.

85. Сыртқы жиынтық бағалау пәндерінің нәтижелері Аттестаттау комиссиясы емтиханның барлық компоненттерін тексергеннен кейін ДББҰ-ның Басқарма Төрайымының бұйрығымен бекітілген мерзімде хабарланады.

7. ҮБТ сертификатына қажетті пәндер бойынша сыртқы бағалаудың откізілу тәртібі

86. 12-сынып оқушылары Үлттық бірыңғай тестілеу сертификатын (бұдан әрі - ҮБТ сертификаты) алу үшін бейінді пәндер бойынша сырттай бағалаудан өтеді.

ҮБТ сертификатына қажетті негізгі пәндерді оқушылар білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен үлттық бірыңғай тестілеудің негізгі пәндерін көрсете отырып, білім беру бағдарламалары топтарының Тізімінде анықталған пәндердің негізінде таңдайды.

87. 12-сыныптың оқушылары сыртқы бағалауды ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалымен құрастырылған емтихан материалдарымен өтеді. Сыртқы бағалау пәндерінің тізбесі, тапсыру тілі және откізу мерзімі ДББҰ Басқарма Төрайымының бұйрығымен ағымдағы жылдың 20 сәуіріне дейін бекітіледі.

ҮБТ сертификатын алу үшін негізгі пән ретінде жоғары салып оқымаған «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География» пәндерін таңдаған жағдайда оқушы Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж бағалау кеңесі мен ПӨО-мен дайындалған емтихандық материалдары бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырады.

Жоғары салыпта стандартты деңгейде оқылған «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалау откізілмейді. Аталған пәндер ҮБТ сертификатына енгізілмейді.

ҮБТ сертификатының бейінді пәні ретінде жоғары салыпта оқымаған «Адам. Қоғам. Құқық» (Құқық негіздері), «Дүниежүзілік тарих» пәндерін таңдаған жағдайда оқушы ПӨО әзірлеген емтихан материалдары бойынша сыртқы бағалау тапсырады.

88. ҮБТ сертификатына қажетті пәндер бойынша оқушылардың сыртқы бағалауын ұйымдастыру және откізу үшін осы Ереженің 71, 73, 74-тар мақтарында белгіленген тәртіптерге сәйкес Емтихандық, Аттестаттау және Аппеляциялық комиссиялары құрылады.

89. Сыртқы бағалаудың қорытындысы бойынша пәннің балдары ДББҰ Басқарма шешімімен бекітілген тест спецификациясына сәйкес қойылады.

90. ҰБТ сертификатына балдарды қою үшін келесі пәндердің сыртқы жиынтық бағалауы бойынша ең жоғары нәтиже алған компоненттерінің бірінің немесе барлық компоненттерінің жиынтық нәтижесі қолданылады:

міндетті пәндерден:

«Математикалық сауаттылық» бойынша «Математика» пәнінен сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі;

«Оқу сауаттылығы» бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті (T1) / Орыс тілі мен әдебиеті (T1)» пәндерінің сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі;

«Қазақстан тарихы» бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінің сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі;

«Физика», «Химия», «Биология», «Информатика», «География», «Дүниежүзілік тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» бейіндік пәндерінің нәтижелері.

ҰБТ сертификатына бейінді пәндерден балл қою үшін келесі пәндердің нәтижелері қолданылсын:

«Математика» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың бірінші және үшінші компоненттерінің нәтижесі;

«Қазақ тілі /Орыс тілі» пәндерінен «Қазақ тілі мен әдебиеті (T1)/Орыс тілі мен әдебиеті (T1)» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың бірінші компонентінің нәтижесі;

«Қазақ әдебиеті/Орыс әдебиеті» пәндерінен «Қазақ тілі мен әдебиеті (T1)/Орыс тілі мен әдебиеті (T1)» пәндері бойынша сыртқы жиынтық бағалаудың екінші компонентінің нәтижесі;

«Ағылшын тілі» пәнінен IELTS (International English Language Testing System) немесе TOEFL IBT/Internet-based Test халықаралық емтихандарының нәтижесі.

91. ҰБТ сертификаты үшін қажетті пәндер бойынша сыртқы жиынтық бағалау мен сырттай бағалау балдары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес ҰБТ сертификатының балдарына ауыстырылады.

92. «Ағылшын тілі» пәні бойынша IELTS немесе TOEFL IBT / Internet-based Test халықаралық емтихандарының балдары осы Ереженің 2-қосымшасындағы Балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес сыртқы бағалау балына ауыстырылады. Оқушылар өз қаражаты есебінен сатып алған және ҰБТ сертификатын алу үшін Зияткерлік мектептерге тапсырылған халықаралық емтихандардың нәтижелері бар сертификаттардың түпнұсқалығы мен негізділігін Зияткерлік мектептер тексереді.

8. Тоқсандық және жылдық бағалардың қойылу тәртібі

93. Тоқсандық баға бөлім/ортак тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің 50%-де 50% пайыздық арақатынасы негізінде қойылады (бес балдық шкаламен).

Бірінші жартыжылдықта оқылуы аяқталатын сыртқы жиынтық бағалау пәндерінен 2-тоқсандағы баға бөлімдер/ортақ тақырыптардан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері негізінде қойылады (100%).

Сыртқы жиынтық бағалау пәндерінен 4-тоқсандағы баға бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері негізінде қойылады (100%).

94. «Дене тәрбиесі» пәнінен тоқсандық баға бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері негізінде қойылады (100%).

95. Тоқсанның екінші жартысында немесе тоқсанның соында Зияткерлік мектепке оқуға қабылданған оқушылардың тоқсандық бағасы Зияткерлік мектепте пәндерден оқылған тақырыптар бойынша әзірленген жиынтық жұмыс нәтижелері негізінде қойылады.

«Математика» пәнінен тоқсандық баға білім беру бағдарламаларын менгергенін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, орта білім беру үйімінде «Алгебра» пәнінен қойылған тоқсандық баға негізінде қойылады.

96. Жаңа қабылданған немесе желі бойынша ауыстырылған оқушы бұрын қандай да бір пәнді оқымаған жағдайда қабылдаушы Зияткерлік мектеп бір апта мерзімде жеке сабактар кестесін (бұдан әрі - кесте) жасайды, кестеге сәйкес оқытууды үйімдастырып, ағымдағы оқу жылынан кешіктірмей кейіннен тоқсан бойынша жиынтық бағалауды тапсырады.

97. Жылдық баға тоқсандық/семестрлік бағалардың орташа арифметикалық мәнін шығару арқылы есептелініп, ең жақын бүтін санға дейін дөңгеленеді (бес балдық шкала бойынша).

98. Бірінші жартыжылдықта оқылуы аяқталатын пәндерден жылдық баға 1 және 2-тоқсан бағалардың орташа арифметикалық мәнін шығару арқылы есептелініп, ең жақын бүтін санға дейін дөңгеленеді (бес балдық шкала бойынша).

99. 4-тоқсанның соында қабылданған оқушылардың жылдық бағасы, оның ішінде оқушылар оқымаған оқу пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу мерзімінде кестеге сәйкес жиынтық жұмыс нәтижесі негізінде қойылады.

100. 5, 10-12-сынып оқушыларының қорытынды бағасы пәндер бойынша оқу бағдарламасын бастауыш, негізгі және жоғары сыныптар үшін Типтік оқу жоспарының сағат санына сәйкес тоқсандық/семестрлік бағалардың арифметикалық орташа мәні және бағалаудың сыртқы жиынтық нәтижесін (бес балдық шкала) 70%-дан 30% пайыздық арақатынаста бағалау негізінде толық менгерген жағдайда қойылады. Қорытынды баға тұтас санға дейін жүргізіледі. 10 және 12-сынып пәндері бойынша қорытынды бағалар білім туралы құжаттарға енгізіледі. Қорытынды баға бүтін санға дейін дөңгелектенеді. 10 және 12-сыныптардың пәндері бойынша қорытынды бағалар білім туралы құжаттарға енгізіледі.

101. ДКК қорытындысымен расталған денсаулық жағдайымен сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған оқушылардың қорытынды бағасы сыртқы жиынтық бағалауды (бес балдық шкала бойынша) есепке алмағандағы жылдық бағалаудың (70%) негізінде қойылады.

102. Зияткерлік мектептердің 10-12 сынып оқушыларына пән(-дер) бойынша себепсіз сыртқы жиынтық бағалауға келмеген жағдайда қорытынды баға қойылмайды.

Бұл жағдайда осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес көрсетілген үлгі бойынша оқушыға Зияткерлік мектептің негізгі немесе жоғарғы сынып курсын аяқтамағаны туралы тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

103. Сыртқы жиынтық бағалау тапсырып, пән(-дер) бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған 5-сынып оқушылары ДББҰ Басқарма Төрайымының бүйрекімен бекітілген мерзімдерде осы пәндер бойынша ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірмей қайта сыртқы жиынтық бағалауга жіберіледі.

Пән(-дер) бойынша өткізілген қайта ішкі жиынтық бағалаудан қанағаттанарлықсыз баға алған оқушы оқудан шығарылады.

104. Сыртқы жиынтық бағалау тапсырып, пән(-дер) бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған 10-12 сынып оқушылары ДББҰ Басқарма Төрайымының бүйрекімен бекітілген мерзімдерде осы пәндер бойынша ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірмей қайта сыртқы жиынтық бағалауга жіберіледі.

Пән(-дер) бойынша өткізілген қайта ішкі жиынтық бағалаудан қанағаттанарлықсыз баға алған оқушыларға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес көрсетілген үлгі бойынша Зияткерлік мектептің негізгі немесе жоғарғы сынып курсын аяқтамағаны туралы тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

105. Қайта сыртқы жиынтық бағалаудың ұйымдастырылуы мен өткізуі үшін Емтихан, Аттестаттау және Апелляциялау комиссиялары осы Ереженің 71, 73, 74-тар мақтарындағы бекітілген тәртіппен құрылады.

106. Электронды журналда оқушылардың сабакқа қатысуы апта бойында есепке алынып, оку бағдарламасының бөлімдері толтырылады.

107. Бөлімдер/ ортақ тақырыптар мен тоқсандар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде беріліп, олар автоматты түрде осы Ереженің б-қосымшасына сәйкес бағаларға ауыстыру шкаласы бойынша тоқсандық баға ауыстырылады.

108. Оқушылардың оку жетістіктерін сырттай жиынтық бағалау нәтижелері электрондық журналға қойылады.

109. Білім беру бағдарламасы бойынша оқитын және Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі ішінде оқуға ауыстырылған оқушылардың нәтижелері электрондық журналға қойылуын жалғастырылады.

110. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат оқушылардың оку жетістігі деңгейі сипатталып, рубрика ретінде оқушыларға, олардың ата-аналарына немесе басқа да занды өкілдеріне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасы» ақпараттық жүйедегі (бұдан әрі - БАБО) критериалды бағалау күнделігінде электронды түрде ұсынылады.

111. Оқушының тоқсандық, жылдық қорытынды бағалары көрсетілген үлгерім табелі МБЖ-де автоматты түрде электрондық форматта қалыптасады.

Экстернат түрінде оқыған және/немесе академиялық демалыста болған, және де оқу жылы ішінде қабылданған оқушыларға бағаларды МБЖ-ға директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекіткеннен кейін қуратор енгізеді.

Үлгерім табелі ата-аналарға немесе басқа заңды өкілдерге ата-аналарға арналған МБЖ-нің функционалдық мүмкіндіктері арқылы қолжетімді болады.

Оқушының үлгерім табелі оқу жылышының қорытындысы бойынша немесе ата-анасының (заңды өкілдерінің) сұрауы бойынша жыл ішінде беріледі. Жауапты тұлғалардың қолы қойылып, білім беру үйімінің мөрімен расталады. Қағаз нұсқасы оқушының жеке ісіне салынады.

112. Оқушылардың тоқсан және оқу жылышындағы оқу жетістіктерінің нәтижелері мектепті басқару жүйесінде БАББО ережесіне сәйкес Есеп түрінде қалыптастырылады. Мектеп тоқсан/оқу жылышы аяқталған күннен кейін 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оқушылардың оқу жетістіктерінің үлгерімі мен білім сапасы бойынша есепті ПӨО-ға уақтылы жіберуді қамтамасыз етеді.

ПӨО мектептен алынған деректер негізінде 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оқушылардың оқу жетістіктерінің үлгерімі мен білім сапасы бойынша статистикалық деректерді және статистикалық деректер негізінде 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде аналитикалық деректерді дайындайды.

ДББҰ-ның құрылымдық бөлімшесі Зияткерлік мектептерге 2 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ПӨО дайындаған статистикалық және аналитикалық деректерді жібереді.

113. Оқу жылышын соңында электрондық журналдағы оқушылардың үлгерімін есепке алудың жиынтық ведомосы осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес формада басып шығарылып, әр беті нөмірленеді, тігіледі, Зияткерлік мектеп директорының қолымен және мөрімен бекітіледі. Кейін ведомость мектептің мұрағатына сақтауға беріледі.

9. Оқушыларды келесі сыныпқа көшіру

114. Білім беру бағдарламасы пәндерінің мазмұнын ойдағыдай менгерген, сыртқы жиынтық бағалаудан өткен оқушылар Зияткерлік мектептің Педагогикалық кеңесінің шешімімен келесі сыныпқа ауыстырылады.

115. Оқу жылышын қорытындысы бойынша барлық пәндерден жылдық бағасын «5»-ке аяқтаған 4, 6-9 сынып оқушылары Педагогикалық кеңестің шешімімен Мақтау қағаздарымен марапатталады.

116. Оқу жылышын қорытындысы бойынша барлық пәндерден жылдық және қорытынды бағасын «5»-ке аяқтаған 5, 11-сынып оқушылары Педагогикалық кеңестің шешімімен Мақтау қағаздарымен марапатталады.

117. Денсаулығына байланысты оқушының дene шынықтыру пәнінен босатылуы сыныптан-сыныпқа көшуіне әсер етпейді.

10. Білім туралы құжаттарды, сертификаттарды беру тәртібі

118. Негізгі мектеп курсының Білім беру бағдарламасын менгерген және пәндер бойынша сырттай жиынтық бағалаудан өткен оқушыларға осы Ережеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, негізгі мектепті бітіргені туралы атtestat беріледі.

119. Негізгі мектеп курсының білім беру бағдарламасын менгерген, пәндер бойынша сырттай жиынтық бағалаудан өткен және 5 (6)-сыныптан 10-сыныпқа дейін оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған оқушыларға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі беретін білім туралы құжаттардың бірыңғай нысаны және оларды толтыру тәртібі ережесіне (бұдан әрі – Құжаттар туралы ереже) сәйкес негізгі мектепті үздік атtestatpen бітіргені туралы күәлік беріледі.

120. Зияткерлік мектептер ағымдағы жылдың 15 мамырына дейін ДББҰ-ға негізгі мектепті үздік бітіргені туралы атtestatқа үміткерлердің тізімі бекітілген Педагогикалық кеңестің шешімін жолдайды.

121. Негізгі мектепті үздік бітіргені туралы атtestatты алған оқушылардың тізімі Педагогикалық кеңесі шешімінде негізінде Зияткерлік мектеп директоры бұйрығымен бекітіледі.

122. Жоғары мектеп курсының білім беру бағдарламасын менгерген және пәндер бойынша сырттай жиынтық бағалаудан өткен оқушыларға, осы Ережеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жоғары мектепті бітіргені туралы атtestat беріледі.

123. Сыртқы жиынтық бағалау, ҰБТ сертификаты үшін қажетті пәндер және «Ағылшын тілі» пәнінен сырттай бағалауларды (IELTS немесе оған балама емтихан) тапсырған, сонымен қатар 11-12 сыныптар мен негізгі мектепте аяқталған пәндерден жылдық және қорытынды бағалары барлық пәндерден «5» деген бағалары бар 12-сынып оқушыларына жоғары мектепті үздік бітіру туралы атtestat беріледі.

124. Сыртқы жиынтық бағалау, ҰБТ сертификаты үшін қажетті пәндер және «Ағылшын тілі» пәнінен сырттай бағалауларды (IELTS немесе оған балама емтихан) тапсырған, 11-12 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық (экстернат түрінде оқыған және/немесе академиялық демалыста болған оқушыларды қоспағанда), жылдық және қорытынды «5» деген бағалары бар және негізгі мектепті үздік атtestat алған 12-сынып оқушылары Құжаттар туралы ережеге сәйкес «Алтын белгі» белгісімен марапатталады.

125. Сыртқы жиынтық бағалаудан өткен, ҰБТ сертификаты үшін қажетті пәндер мен «Ағылшын тілі» пәнінен сырттай бағалауларды (IELTS немесе оған балама емтихан) тапсырған, 5 (6)-12-сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5», негізгі мектепті үздік атtestatpen аяқтаған, 11-12-сыныптарда оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары «5» шыққан (экстернат түрінде оқыған және/немесе академиялық демалыста болған оқушыларды қоспағанда) түлектерге ережеде бекітілген тәртіпке сәйкес «Алтын белгі» белгісі мен жоғары мектепті біtіргені туралы атtestat беріледі.

126. Зияткерлік мектептерде «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын жоғары мектепті біtіru атtestatына және жоғары мектепті үздік аttestatына біtіruші үміткер оқушылардың құжаттарын тексеру үшін комиссия (бұдан әрі - Мектеп комиссиясы) құрылады.

Мектеп комиссиясының құрамы Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі. Мектеп комиссиясын мектеп директоры немесе оның

міндетін атқарушы басқарады. Мектеп комиссиясының жұмысының нәтижелері күжаттарды тексеру актісімен ресімделеді.

127. Зияткерлік мектептер жыл сайын 6 мамырға дейін ДББҰ-ға «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын жоғары мектепті бітіру аттестатына үміткер оқушылардың күжаттарын осы Ереженің 8-қосымшага сәйкес тексеруге ұсынады.

128. «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын, жоғары сыныпты бітіру туралы аттестатқа және жоғары сыныпты үздік аттестатқа бітіруге үміткер оқушылардың күжаттарын тексеру үшін «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын, жоғары сыныпты бітіру туралы аттестатқа және жоғары сыныпты үздік аттестатқа бітіруші үміткер оқушылардың күжаттарын тексеретін Комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия). Комиссия құрамы ДББҰ Басқарма Төрайымының бүйрығымен бекітіледі.

Комиссия төрағасы/төрайымы ДББҰ қызметкерлері санынан тағайындалады. Комиссия құрамына ДББҰ қызметкерлері кіреді. Комиссия мүшелері үш адамнан кем болмайды.

129. Зияткерлік мектептерден алынған жоғары мектепті үздік аттестатқа және «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын үміткерлер туралы ақпаратқа сәйкес ПӨО үміткер оқушылардың тиісті кезеңдегі оку жетістіктерін БАББО-дан тексереді. Тексеру нәтижелері бойынша ПӨО жоғары мектепті үздік аттестатқа бітіруші үміткерлердің тізімдерін раставиды.

130. ДББҰ комиссиясы үміткерлердің күжаттарын осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес тексереді. ДББҰ комиссиясы жұмысының нәтижелері үміткерлердің күжаттарын тексеру актісімен ресімделеді.

131. Аттестаттау комиссиясының шешімімен «Алтын белгі» белгісімен марапатталатын жоғары сыныпты бітіру туралы аттестатына және жоғары сыныпты үздік бітіру туралы аттестатқа үміткер оқушылардың тізімі (ведомостар), Комиссияның тексеру актісі ДББҰ Басқарма шешімімен бекітіледі.

132. Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж бағалау кеңесінің сыртқы жиынтық бағалауын, «Ағылшын тілі» пәнінің сырттай бағалауы (IELTS немесе оған балама емтихан) және ҮБТ сертификаты үшін қажетті пәндердің сырттай бағалауын тапсырған 12-сынып оқушыларына келесі күжаттар беріледі:

- 1) Зияткерлік мектептің жоғары мектебін бітіруі туралы аттестат;
- 2) Үлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері туралы сертификат (бұдан әрі - ҮБТ). ҮБТ сертификатында, білім беру саласындағы жауапты ұйыммен бекітілетін, ауыстыру шкаласы негізінде 3 міндетті және 2 таңдау бейінді пәндер бойынша балдар қойылады;
- 3) Кембридж емтихан аккредитациясы табысты өткізілген жағдайда (емтихан ережесі бұзылмаған жағдайда), Халықаралық білім беру сұрақтары бойынша Кембридж бағалау кеңесі және ДББҰ-ның сертификаты. Сертификатта сыртқы жиынтық бағалаудың нәтижелері әріп шкаласы бойынша қойылады.

133. ПӨО-ның сыртқы жиынтық бағалауын, «Ағылшын тілі» пәні бойынша сырттай бағалау (IELTS немесе оған балама емтихан) және ҮБТ сертификаты үшін қажетті пәндер бойынша сырттай бағалауын тапсырған 12-сынып оқушыларына келесі күжаттар беріледі:

- 1) Зияткерлік мектептің жоғары мектебін бітіруі туралы аттестат;
- 2) Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижелері туралы сертификат (бұдан әрі – ҰБТ). ҰБТ сертификатында, білім беру саласындағы жауапты үйыммен бекітілетін, ауыстыру шкаласы негізінде 3 міндетті және 2 таңдау бейінді пәндер бойынша балдар қойылады.

134. ДҚҚ анықтамасымен расталған денсаулығына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылдың 31 наурызындағы № 183 «Уақытша еңбекке жарамсыздығын сараптаудан өткізу, уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама мен парақты беру ережесін бекіту» қаулысына сәйкес сыртқы жиынтық бағалауға қатыспаған 10-12 сынып оқушыларына Зияткерлік мектептің негізгі және жоғары мектептерін бітіру туралы аттестаттар беріледі.

11. Экстернат үлгісінде білім алатын оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі

135. Экстернат үлгісінде білім алатын оқушылар әр тоқсан барысында пән бойынша сәйкес тоқсанға қарай оқу бағдарламасындағы материалдың мазмұнын қамтитын үш жиынтық бағалауды орындаиды.

Жиынтық жұмыстар төмендегідей тәртіппен орындалады:

- 1) шетелдік оқу орындарында оқылмайтын пәндер бойынша;
- 2) шетелдік оқу орындарында оқытылатын, алайда олардың оқу бағдарламасының мазмұны Зияткерлік мектептердің Білім беру бағдарламасымен сәйкес келмейтін пәндер бойынша.

136. Жиынтық жұмыстарды құрастыруды Зияткерлік мектептер өз бетінше жүргізеді.

137. Жиынтық бағалаудың нәтижелері оқушылардың оқу жетістіктерін тіркейтін электрондық журналға қойылады.

138. «Дене тәрбиесі», «Өнер» пәндері бойынша аттестаттау жүргізілмейді, ал білім туралы құжатта «оқылмады» деп жазылады».

Шетелдік оқу орындарында «Дене шынықтыру», «Өнер» пәндерін оқу кезінде аталған пәндер бойынша оқу бағдарламасын менгергенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда білімі туралы құжатқа жылдық баға қойылады.

139. Экстернат үлгісінде оқитын, толық оқу жылын оқитын, соның ішінде 2 (3) жыл үздіксіз білім алатын оқушыларына тоқсандық (балдар) баға қойылмайды.

140. Экстернат үлгісінде оқитын, толық оқу жылын оқитын, соның ішінде 2 (3) жыл үздіксіз білім алатын оқушыларына жылдық бағаның қойылуы төмендегідей тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) шетелдік оқу орнында, олардың оқу бағдарламалары Білім беру бағдарламасымен пәндік мазмұны жағынан сәйкестігі жағдайында оқу бағдарламасын менгергенін растайтын құжаттарын ұсынған оқушылардың жылдық бағасын қоюдың негізі шетелдегі оқу орнында оқыған пәндер бойынша бағалар (балдар) болып табылады.

Білім беру бағдарламасымен пәндік мазмұны жағынан сәйкестігі болмаған жағдайда шетелдік оқу орнында оқылмаған пәндер бойынша белгіленген тәртіппен жылдық баға қойылады.

2) шетелдік оқу орнында оқылмаған пәндер бойынша жылдық бағалар осы Ереженің б-қосымшасына сәйкес балдарды бағаларға ауыстыру шәкілі бойынша оқу жылы ішінде әрбір тоқсанда үш рет орындалатын жиынтық жұмыстар нәтижелерінің негізінде қойылады.

3) шетелдік оқу орнында оқымаған пәндерден қорытынды баға жиынтық бағалау (50%) және сыртқы жиынтық бағалау (50%) нәтижелері негізінде қойылады;

- шетелдік оқу орнында оқыған пәндерден қорытынды баға олардың оқу бағдарламаларының мазмұны мен Білім беру бағдарламасының оқу бағдарламаларымен салыстырылған жағдайда сыртқы жиынтық бағалау (100%) нәтижелері негізінде қойылады.

Пәндер бойынша шетелдік оқу бағдарламаларының мазмұны Білім беру бағдарламасының оқу бағдарламаларымен сәйкестігі болмаған жағдайда, қорытынды баға шетелдік оқу орнында оқымаған пәндерге белгіленген тәртіппен қойылады.

141. Толық емес оқу жылы экстернат нысанында оқыған және оқу жылы аяқталғанға дейін Зияткерлік мектепке оралған оқушыларға тоқсандық және жылдық бағаларды қою мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі тоқсандық баға бөлімдер/ортак тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері негізінде 50%-дан 50% -ға пайыздық арақатынаста қойылады.

2) шетелдік оқу орнында оқыған пәндер бойынша жылдық баға Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі тоқсандық бағалар (бес балдық жүйе) және шетелдік оқу орнында алынған бағалардың (балдар) орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады. Даулы жағдайда баға тұтас санға дөңгелектеу арқылы жүргізіледі.

Оқу бағдарламалары мазмұнының сәйкестігі болмаған жағдайда жылдық баға шетелдік оқу орнында оқымаған пәндер үшін белгіленген тәртіппен қойылады.

Шетелдік оқу орнында оқылмаған пәндер бойынша жылдық баға Зияткерлік мектепте оқу кезеңіндегі тоқсандық бағалардың орта арифметикалық мәні және экстернат түрінде оқушының оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыстардың нәтижелері бойынша қойылған бағалар негізінде қойылады.

Корытынды баға тиісті оқу кезеңі үшін тоқсандық бағалардың мен және сыртқы жиынтық бағалаудың орташа арифметикалық мәні 70% - дан 30% -ға пайыздық арақатынаста (бес балдық шкала бойынша) қойылады. Қорытынды бағаны дөңгелектеу жақын тұтас санға дейін жүргізіледі.

12. Академиялық демалыс берілген оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәртібі

142. Академиялық демалыста болған және Зияткерлік мектепке оқу жылы аяқталғанға дейін қайтып келген оқушыларға тоқсандық, жылдық және

қорытынды бағалар осы Ереженің 93, 97, 100 тармақтардағы тәртіптерге сәйкес қойылады.

143. Академиялық демалыста болған және Зияткерлік мектепке оқу жылы аяқталғаннан кейін қайтып келген оқушыларға, академиялық демалысқа шыққан сыныбында оқуын жалғастыратын оқушылардан басқалары, ағымдағы оқу жылынан кешіктірілмей пәндер бойынша жылдық ішкі жиынтық бағалауды өткізіледі.

Жылдық жиынтық жұмыс Зияткерлік мектеппен дайындалады және өткізіледі. Жиынтық жұмыстың нәтижелері жылдық бағаны қоюға негіз болып табылады.

Қорытынды баға жылдық бағалау (70%) және сыртқы жиынтық бағалау (30%) (бес балдық шкала бойынша) нәтижелерін қамтиды. Қорытынды баға өсу жағына айналдырылады.

144. Академиялық демалыс кезінде медициналық ұйымдарда оқыған оқушылардың нәтижелері оқу жетістіктерін растайтын құжаты (үлгерім табелі) және оқыған пәндерінің оқу бағдарламалары Зияткерлік мектептің Білім беру бағдарламасы мазмұнына сәйкес болған жағдайларында ғана қабылданады. Жылдық баға тоқсандық бағалардың орта арифметикалық мәнін шығару арқылы есептеледі (5 балдық бағалау жүйесімен). Даулы жағдайда баға өсу жағына айналдырылады.

13. Мерзімнен бұрын 9-сынып оқушыларына қорытынды атtestаттауды ұйымдастыру мен өткізуіндегі тәртібі

145. Жалпы білім беретін ұйымға ауысу немесе колледжге баруға ниет білдірген 9-сынып оқушыларына, ақылы негізде оқитын оқушыларды қоспағанда, мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттаудан өтуге рұқсат етіледі.

146. Оқушы немесе оның занды өкілі оқушының жалпы білім беретін ұйымға немесе колледжге ауысуы туралы өтінішін ұсынады.

147. Егер оқушының немесе оның занды өкілінің тиісті өтініші болса, Зияткерлік мектептің Педагогикалық кеңесі дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2012 жылғы 16 тамызындағы шешімімен (№ 33 хаттама) бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогикалық кеңес туралы типтік ереженің 6-тармағы 9) тармақшасының 3), 4) бөліктеріне сәйкес негізгі мектепті бітіргені туралы куәлікті беру арқылы оқушыларға мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттаудан өткізу туралы шешеді.

148. Мектеп ДБҰ-ға ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірмей мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттауға жіберілген оқушылардың саны туралы ақпарат жібереді.

149. Зияткерлік мектептің директоры Зияткерлік мектепте мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттау өткізуіндегі мерзімдерін көрсете отырып, мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы бұйрық шығарады.

Мерзімнен бұрын қорытынды атtestаттауды ұйымдастыру мен өткізу үшін директордың бұйрығымен Емтихан және Атtestаттау комиссиялары (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссия басшысы Назарбаев Зияткерлік мектебінің

директоры болып табылады. Комиссия құрамы әр пән бойынша кемінде 3 адамнан тұрады.

150. Мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттаудың пәндер тізімі, өткізілу түрі мен уақыты осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес айқындалады.

151. 9-сынып оқушыларына мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттаудан ету үшін емтихан материалдарын дайындауды ПӨО-ы ДББҰ-ның Әдістемелік кеңесі ұсынған және ПӨО директорымен бекітілген тест спецификациялары негізінде жүзеге асырады.

152. ПӨО-ы емтихан материалдарын Назарбаев Зияткерлік мектептеріне мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттау басталғанға дейін 3 күн бұрын жібереді.

153. Емтихан аяқталғаннан кейін Комиссия мүшелері Назарбаев Зияткерлік мектебінің ғимаратында оқушылардың жұмыстарын тексереді.

154. Жазбаша немесе ауызша емтихан тапсырғаннан кейін Комиссия оқушыларға емтихандық бағаларды қояды және оларды осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес емтихан хаттамасына енгізеді. Хаттамаға Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

155. Ауызша емтиханнның бағалары емтихан аяқталғаннан кейін, ал жазбаша жұмыстардың бағасы келесі күні 13.00-ге дейін жарияланады.

156. Қорытынды баға тоқсандық бағалардың/семестр бағасының орташа арифметикалық мәні және сыртқы жиынтық бағалаудың бағасы (бес балдық шкала бойынша) 70% пен 30% пайыздық қатынаста есептеледі. Қорытынды баға ең жақын бүтін санға дейін дөңгелектенеді.

157. Барлық пәндер бойынша «5» жылдық және қорытынды бағалары бар оқушыларға осы Ереженің 119-тармағына сәйкес негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестат беріледі.

158. Мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттау нәтижелері апелляцияға жатпайды.

159. Оқыған пәндер бойынша қорытынды бағалар негізгі мектепті бітіргені туралы қуәліктің қосымшасына енгізіледі.

160. Мерзімнен бұрын қорытынды аттестаттау пәндері бойынша қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған оқушылар емтиханды қайта тапсыруға жіберіледі.

Оқыған пәнден (пәндерден) қанағаттанарлықсыз қорытынды баға алған оқушыларға осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес Зияткерлік мектепте негізгі мектеп курсын аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
1- қосымшасы

Үлгі

Оқушы портфолиоларының жойылуы туралы акт

«_____» 201__ жыл

(Назарбаев Зияткерлік мектебінің атауы)

Негіздеме: 2016 жылдың 15 тамызындағы (№ 39 хаттама) Басқарма шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының оқушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау ережесінің ____ тармағы.

Комиссия мүшелері:

- 1) Зияткерлік мектеп директорының орынбасары _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
- 2) Зияткерлік мектептің өкілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
- 3) Зияткерлік мектептің өкілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

осы акт келесі сынып оқушыларының портфолиоларын жойғаны туралы құрды:

Сынып, литері	сыныптағы оқушылардың саны	жойылған портфолиолар саны	Ескерту

Оқушылардың портфолиолары келесі түрде жойылды:

(жойылу түрін көрсету – механикалық ұсақтау немесе өртеу)

(жойылу орнын көрсету)

- 1) Зияткерлік мектеп директорының орынбасары _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
- 2) Зияткерлік мектептің өкілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)
- 3) Зияткерлік мектептің өкілі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
2-қосымша

Үлгі
Күні «___» _____

**Тоқсандық жиынтық бағалауға модерация өткізу бойынша
отырыстың хаттамасы**

Білім мекемесінің атауы		
Пән		
Сынып	Тоқсан	Оқу жылы
Модерацияға қатысушылар	Аты-жөні	Қолы
Модерация тәрағасы		
Пән мұғалімдері		

Жұмыс №	Модерация ға дейінгі балл	Модерация дан кейінгі балл	Шешімнің негізdemесі
1			
2			
3			
4			
5			
6			

Модерацияға қатысушылардың қолы:

Аты-жөні _____ қолы _____

Аты-жөні _____ қолы _____

Аты-жөні _____ қолы _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйімі оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
3-қосымша

Ерекше қажеттілігі бар оқушыларға арналған ерекше жағдайлардың түрлері*

1) Қосымша уақыт: әрбір оқушыға жиынтық жұмысты аяқтауға қосымша уақыттың берілуі шамамен жиынтық бағалауды өткізу уақытының 25 % құрайды. Ол көру қабілетінің төмендігі (загип, нашар көретін), есту қабілетінің төмендігі (естімейтін, нашар еститін), қымыл-тірек қызметі және инсулинге тәуелді қант диабетімен ауыратын аурулары бар оқушыларға беріледі;

2) оқып берушінің қомегі: көру қабілетінің уақытша бұзылуы немесе көрмеуі жағдайында оқушы үшін сұрақтарды оқитын жауапты адам;

3) жазып берушінің қомегі: жұмысқа тұрақты жарамсыздық немесе жақында алған жарақаты бар оқушы үшін оның жауаптарын жазатын жауапты адам;

4) еске түсіруші: зейініне әсер ететін неврологиялық және танымдық ауытқулары бар, бір ойға қайта келе беретін синдромы бар, келесі тапсырмаға көше алмай, бір сұрақта тоқтап қалатын оқушы үшін оқушының қасында тапсырмаға, сұрақтарға жауап беруге көніл аудартып отыратын жауапты адам;

5) бақыланатын демалыс үзілісі: оқушының демалуы үшін жиынтық бағалауды тоқтату. Бұл жиынтық бағалау уақытына кірмейді;

6) практикалық ассистент: оқушының нұсқаулығы бойынша практикалық жұмысты орындайтын жауапты адам;

7) жеке кезекшілік: басқа оқушылардың мазасын алмау мақсатында бөлек аудиторияда, оқушыға кезекшімен бірге қолжетімді жағдай үйымдастырылады;

8) дауыстап оқу: оқушыға жиынтық жұмысының сұрақтарын дауыстап оқуға рұқсат беріледі. Ол үшін бөлек кезекшілік талап етіледі;

9) үлкейткіш әйнекті (лупаны) қолдану: визуалды қабылдау қындықтары ескеріліп, оқушыға үлкейткіш әйнекті пайдалануға рұқсат етіледі;

10) түстердің атауы: түсті айыра алмайтын (далтонизм) оқушылар кезекшіден түстердің атауларын сұрауына болады.

*Жиынтық бағалау өткізу кезінде оқушыларға бірнеше ерекше жағдай берілуі мүмкін

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
4-қосымша

**IELTS және TOEFL IBT / Internet-based Test халықаралық
емтихандарының балдарын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ
оқушыларының оқу нәтижелерін сырттай бағалауға арналған балға
айналдыру шкаласы**

IELTS халықаралық емтиханының бағасы	TOEFL IBT/Internet- based Test балдары	Сыртқы бағалау балдары
6,0 және одан жоғары	60-78	A*
5,5	45-59	A
5,0	35-45	B
4,5	32-34	C
4,0	28-31	D
3,5	25-27	E
3 және одан төмен	24 және одан төмен	U

Сыртқы бағалаудың әріптік бағасын бес балдық бағалауға аудару шкаласы

Әріптік шкала бойынша баға	5 балдық жүйе бағасы
A*	5
A	
B	4
C	
D	3
E	
U (аттестатталған жок)	2

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
5-қосымша

**Назарбаев Зияткерлік мектебінің негізгі мектеп (жоғары) курсын аяқтаған
тұлғаларға берілетін анықтама**

№ _____ анықтама

_____ оқушыға берілді.
(тегі, аты, әкесінің аты)

Ол "___" 20__ жылдан "___" 20__ жылға дейін
_____ (дербес білім беру үйымының аты)

_____ оқыды.
(сынып, оқыту тілі)

_____ оқу кезінде
(тегі, аты, әкесінің аты)

келесі пәндерді менгерді, сыртқы жынтық бағалаудан өтті
және _____ мектеп курсы бойынша жылдық, қорытынды
(білім деңгейі)
бағаларды төменде көрсетілген қосымшаға сәйкес алды.

Мектеп директоры: _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

M.O.

Тіркеу нөмірі _____
_____ жылғы "___" _____ берілді

Зияткерлік мектептің толық курсын
өткендігі туралы анықтамаға қосымша

Назарбаев Зияткерлік мектебінің
негізгі мектеп (жоғары) курсын аяқтаған
тұлғаларға берілетін анықтамаға қосымша

№	Оқу пәндерінің аттары (оқу жоспары бойынша)	Сағат саны		Жылдық бага	Қорытын ды бага
		Оқу жоспары бойынша	Оқушымен тындалды		

Анықтаманы беру негіздемесі _____
(бүйректың күні мен нөмірі)

Мектеп директоры: _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

М.О.

Тіркеу нөмірі _____
_____ жылғы "___" _____ берілді

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
6-қосымша

Балды бағаға аудистыру шекілі

Жынтық бағалау балының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0%–39%	Қанағаттанғысыз	«2»
40%–64%	Қанағаттанарлық	«3»
65%–84%	Жақсы	«4»
85%–100%	Өте жақсы	«5»

Ескерту:

- * Балдар пәндер бойынша тестілеу спецификациясына сәйкес қойылады;
- ** «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымының Басқарма шешімімен бекітілген «Критериалды бағалау моделі» сәйкес балл пайызын есептеу арқылы балға айналады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу жетістіктерін критериялды бағалау ережесіне 7-косымша

**Оқушылардың үлгериң парагы __ «__» сыйныбы _____
(мектеп атаяу)**

Оқу жылы:

Куратордың ЖСН:

Куратордың аты-жөні:

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
8-қосымша

**Зияткерлік мектебімен берілетін «Алтын белгі» белгісімен
марапатталатын және жоғары мектепті үздік бітіру туралы аттестатты
алушы үміткерлердің құжаттар тізімі**

1. Титул парагы
2. Қоса берілген құжаттар реті бойынша тізімдеме.
3. Оқушының жеке қуәлігінің көшірмесі (болмаған жағдайда-туу туралы қуәлік).
4. Үлгерім табелдері:
 - «Алтын белгі» белгісін алуда үміткер оқушылар үшін 5(6)-12 сыныпқа дейін;
 - жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатқа үміткер оқушылар үшін 11-12-сыныптар.
5. Негізгі мектепті бітіргені туралы аттестат/негізгі мектепті үздік бітіргені туралы аттестат (Негізгі орта білім туралы аттестат/Негізгі орта білім туралы үздік аттестат).
6. Мақтау қағаздары:
 - «Алтын белгі» белгісін алуда үміткер оқушыларға 5(6)-9, 11-сыныптар үшін;
 - Жоғары мектепті үздік бітіргені туралы аттестатқа үміткер оқушыларға 11-сынып үшін.
7. Мектептің педагогикалық кеңесінің/Кіші педагогикалық кеңесінің кезекті оқу жылын үздік аяқтағаны және үздік оқығаны үшін № сериялы ... мақтау қағазымен марапаттау туралы хаттамасынан үзінді.
8. «Дене тәрбиесі» пәні бойынша сабактан босату бойынша берілген дәрігерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы.
9. Жоғары мектепті «Алтын белгі» белгісімен марапаттау/үздік бітіру туралы аттестат беру туралы мектептің өтініші (әр үміткерге).
10. Жоғары мектепті «Алтын белгі» белгісімен марапаттау/үздік бітіру туралы аттестатқа үміткер оқушылардың құжаттарын тексеру нәтижелерінің актісі (әр үміткерге).

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
9-қосымша

**Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 9-сынып оқушыларын мерзімінен
бұрын қорытынды аттестаттаудың пәндер тізбесі және түрі**

№	Предметы	Откізілу түрі	Таңдау пәні
1	Қазақ тілі (T1)/Орыс тілі (T1)	Жазбаша	Міндепті
2	Математика	Жазбаша	Міндепті
3	Қазақ тілі (T2)/Орыс тілі (T2)	Ауызша	Міндепті
4	Тарих, Биология, Ағылшын тілі	Ауызша	Таңдау бойынша 1 пән

Оқушылар 3 міндепті пәннен және 1 таңдау пәнін тапсырады

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру үйымы оқушыларының оқу
жетістіктерін критериалды бағалау ережесіне
10-қосымша

**Негізгі мектеп курсы бойынша мерзімнен бұрын өткізілетін
қорытынды аттестаттауының
ХАТТАМАСЫ**

(пән атавы)

(Зияткерлік мектеп атавы)

Емтихан комиссиясының төрағасы/төрайымы _____
(тегі, аты, әкесінің-аты)

Емтихан алушылар: _____
(тегі, аты, әкесінің-аты)

Емтихан материалының ашылған уақыты: ____ сағат ____ мин.

Емтихан басталды ____ сағат ____ мин.

Емтихан аяқталды ____ сағат ____ мин.

№	Емтихан берушінің аты-жөні	Жазбаша жұмыстың тақырыбы мен нұсқасы, билеттің №	Емтихан бағасы (жазбаша)	Жылдық бағасы (жазбаша))	Қорытынды баға (жазбаша)

Оқушы жауабын бағалаудағы емтихан комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері: _____

Емтиханның өткізілу күні "___" ____ 20__ ж.

Бағаның хаттамаға енгізілген күні"___" ____ 20__ ж.

Емтихан комиссиясының төрағасы/төрайымы:

Емтихан алушылар: